

"Жоғары вольтті жабдықтардың қауіпсіздік талаптары" техникалық регламентін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 7 қарашадағы № 481 бұйрығы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Жоғары вольтті жабдықтардың қауіпсіздік талаптары" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндетін атқарушы

И. Шархан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

"ЖОҒАРЫ ВОЛЬТТЫ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ" техникалық регламенті

1. Қолданылу саласы

1. Осы "Жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздік талаптары" техникалық регламенті (бұдан әрі – техникалық регламент) "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы техникалық регламент Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын жоғары вольтты жабдықтың қауіпсіздігіне қойылатын минималды және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға және орындауға міндетті талаптарды, сондай-ақ сәйкестікті бағалау нысандарын, схемалары мен рәсімдерін, сәйкестендіру қағидаларын, таңбалауға қойылатын талаптарды және оны қолдану қағидаларын белгілейді.

3. Осы техникалық регламент Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын және электр энергиясын өндіруге, түрлендіруге, таратуға немесе электр энергиясын беру кезінде пайдалануға арналған мынадай жоғары вольтты жабдықтарға қолданылады:

1) жиынтық тарату құрылғылары (оның ішінде бір жақты қызмет көрсететін құрама камералар, сыртқы қондырғының жиынтық тарату құрылғылары және элегазды оқшаулағышы бар жиынтық тарату құрылғылары);

2) жиынтық трансформаторлық қосалқы станциялар;

3) конденсаторлар (оның ішінде электр беру желілері бойынша жоғары жиілікті байланысты қамтамасыз етуге, кернеу бөлгіштер мен қуатты іріктеуге, бойлық өтемақыға, қуат коэффициентін арттыруға арналған);

4) айналмалы электр машиналары (электр қозғалтқыштары, генераторлар, реактивті қуат компенсаторлары, электр машиналық түрлендіргіштер);

5) электр реакторлары (оның ішінде токты шектеуші реакторлар, шунттаушы реакторлар, доғалық сөндіруші реакторлар);

6) ток өткізгіштер;

7) күштік трансформаторлар (оның ішінде автотрансформаторлар, сызықтық және реттеу трансформаторлары);

8) кернеу трансформаторлары;

9) ток трансформаторлары.

4. Осы техникалық регламент сонымен қатар осы техникалық регламенттің 3-тармағында аталған конструктивті түрде бір құрылғыға біріктірілген жоғары вольтты жабдықтардың кез келген түрлерінің (мысалы, ток пен кернеудің аралас трансформаторы және т.б.) комбинациясы болып табылатын жоғары вольтты жабдықтарға қолданылады.

5. Жоғары вольтты жабдықтарды сәйкестендіру Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының (бұдан әрі – СЭҚ ТН) кодтарын және Қазақстан Республикасының 04-2008 Экономикалық қызмет түрлері жөніндегі ұлттық өнім жіктеуші бойынша оларға сәйкес кодтарды пайдалану жолымен, сондай-ақ таңбалауда немесе тауарға ілеспе құжаттарда көрсетілген жоғары вольтты жабдықтардың атаулары мен сипаттамаларының осы техникалық регламенттің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген жоғары вольтты жабдықтардың атаулары мен сипаттамаларына сәйкестігін белгілеу жолымен жүргізіледі.

6. Жоғары вольтты жабдық объектілерін сәйкестендіру 2021 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығымен бекітілген сәйкестікті бағалау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

7. Осы техникалық регламент қорғаныс мақсатындағы қондырғыларда, радиотехникалық қондырғыларда, байланыс құралдарында (электр беру желілері бойынша жоғары жиілікті байланысты қоспағанда), медициналық техникада, теміржол жылжымалы құрамында және теміржол көлігінің инфрақұрылымында, электрлендірілген көлікте және электрлендірілген көліктің инфрақұрылымында (Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 15 шілдедегі № 710 шешімімен қабылданған "Теміржол жылжымалы құрамының қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 001/2011), "Жоғары жылдамдықты теміржол көлігінің қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 002/2011), "Теміржол көлігі инфрақұрылымының қауіпсіздігі туралы" (КО ТР 003/2011) Кеден одағы техникалық регламенттерінің қолданылу аясына сай келетін), кемелерде, ғарыш және ұшу аппараттарында, сондай-ақ осы техникалық регламенттің 3-тармағының бірінші абзацында көрсетілмеген өзге де мақсаттарда пайдалануға арналған.

II. Негізгі ұғымдар

8. Осы техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады :

1) жоғары вольтты жабдықтың қауіпсіздігі – адамның өміріне және (немесе) денсаулығына, мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтірумен байланысты оны өндіру, құрастыру, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату процесінде жол берілмейтін тәуекел болмаған кездегі жоғары вольтты жабдықтың жай-күйі;

2) жоғары вольтты жабдық – конструктивті және (немесе) функционалдық бірліктегі өзара байланысты электр техникалық бұйымдардың жиынтығы, номиналды кернеуі 1000 В айнымалы токтан және 1500 В тұрақты токтан жоғары жеке электр техникалық бұйым немесе құрылғы;

3) жоғары вольтты өнімді сәйкестендіру – белгілі бір жоғары вольтты өнімді айрықша белгілері бойынша бір мәнді тануды қамтамасыз ететін рәсім;

4) дайындаушы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға немесе өз атынан өндірісті немесе өнім өндіру мен өткізуді жүзеге асыратын, дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға;

5) жиынтық трансформаторлық (түрлендіргіш) қосалқы станция – құрастырылған немесе құрастыруға толық дайындалған түрде жеткізілетін трансформаторлардан (түрлендіргіштерден) және блоктардан (жиынтық тарату құрылғысы немесе сыртқы қондырғының және басқа элементтердің жиынтық тарату құрылғысы) тұратын қосалқы станция. Жабық орын-жайда орнатылатын жиынтық трансформаторлық (түрлендіргіш) қосалқы станциялар немесе олардың бөліктері ашық ауада орнатылатын ішкі қондырғыларға – сыртқы қондырғыларға жатады;

6) жиынтық тарату құрылғысы – толық немесе ішінара жабық шкафтардан немесе оларға кіріктірілген аппараттары, қорғаныс және автоматика құрылғылары бар блоктардан тұратын, құрастырылған немесе құрастыруға толық дайындалған түрде жеткізілетін тарату құрылғысы;

7) конденсатор – оның электр сыйымдылығын пайдалануға арналған электр-техникалық құрылғы;

8) айналмалы электр машина – электр-магниттік индукцияны қолдана отырып, механикалық энергияны электр энергиясына немесе электр энергиясын механикалық энергияға айналдыруға арналған электр-механикалық құрылғы;

9) электр реактор - негізгі элементі индуктивті шарғы болып табылатын электр-техникалық құрылғы;

10) ток сымы – оқшауланбаған немесе оқшауланған өткізгіштерден және оларға жататын оқшаулағыштардан, қорғаныс қабықшалардан, ұстап тұратын және тірек конструкцияларынан тұратын, электр энергиясын беруге және таратуға арналған құрылғы. Өткізгіштердің түріне байланысты ток сымдары икемді (сымдарды пайдалану кезінде) және қатты (қатты шиналарды пайдалану кезінде) түрлерге бөлінеді;

11) трансформатор – екі немесе одан да көп индуктивті байланысқан орамдары бар және бір не бірнеше айнымалы ток жүйелерін бір не бірнеше басқа айнымалы ток жүйелеріне электр-магниттік индукция арқылы түрлендіруге арналған статикалық электр-магниттік құрылғы;

12) күштік трансформатор – электр энергиясын қабылдауға және пайдалануға арналған электр желілері мен қондырғыларындағы электр энергиясын түрлендіруге арналған трансформатор;

13) ток (кернеу) трансформаторы – өлшеу, қорғау, автоматика, сигнал беру және басқару аспаптарына бастапқы ток (бастапқы кернеу) туралы ақпаратты беруге арналған және онда қайталама ток (қайталама кернеу) іс жүзінде бастапқы токқа (бастапқы кернеуге) пропорционал болатын және дұрыс қосылған кезде оған қатысты фаза бойынша нөлге жақын бұрышқа жылжитын құрылғы;

III. Қазақстан Республикасының нарығында жоғары вольтты жабдықтардың айналымы қағидалары

9. Осы техникалық регламенттің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген жоғары вольтты жабдықтар, осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растаудан өткен жағдайда, Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылады.

10. Осы техникалық регламенттің 3 және 4-тармақтарында көрсетілген, осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі расталмаған жоғары вольтты жабдықтар Қазақстан Республикасының нарығында айналымға шығаруға жіберілмейді.

IV. Жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздік талаптары

11. Жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі мыналар арқылы қамтамасыз етілуге тиіс:

а) дайындаушы, уәкілетті дайындаушы тұлға, сатушы және (немесе) импорттаушы тасымалдауға, сақтауға, монтаждауға, баптауға, пайдалануға (пайдалануға беруге, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге, пайдалану кезеңінде техникалық сипаттамаларды бақылауға (диагностикалау көлеміне, сынақтарға) қойылатын, дайындаушы мәлімдеген қызмет ету мерзімде жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін талаптар туралы, сондай-ақ өндіруші белгілеген қызмет ету мерзімінен тыс мерзімде жоғары вольтты жабдықтарды қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі мен шарттары және қауіпсіз кәдеге жарату шарттары туралы тұтынушыны хабардар ету;

б) дайындаушы, уәкілетті дайындаушы тұлға, сатушы және (немесе) импорттаушы тұтынушыны жоғары вольтты жабдықтардың және (немесе) оның жекелеген элементтерінің адамның өміріне және (немесе) денсаулығына, мүлкіне, қоршаған ортаға қатысты қауіпті қасиеттері туралы, оның ішінде жоғары вольтты жабдықтарға қауіпсіздік белгілерін салу жолымен хабардар ету.

12. Қабықшамен қамтамасыз етілетін қорғаныс дәрежесі техникалық құжаттамада көзделген пайдалану жағдайларында жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуға тиіс.

13. Жоғары вольтты жабдықтардың конструкциясы оқшаулағыштың электрлік беріктігінің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге тиіс.

14. Жоғары вольтты жабдықтардың элементтерінің (сақтандырғыштардың ауыстырылатын элементін қоспағанда) қызу температурасы жабдықтардың барлық көзделген жұмыс режимдерінде (номиналды режимде, шамадан тыс жүктеме режимінде, нормаланатын шама мен ұзақтықтың қысқа тұйықталу токтарының ағымы кезінде) олар үшін максималды жол берілетін мәндерден аспауға тиіс.

15. Жоғары вольтты жабдықтардың конструкциясы оның өрт қауіпсіздігі мен жарылыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

16. Жоғары вольтты жабдықтарды орындау адамның өміріне және (немесе) денсаулығына, қоршаған ортаға қауіпті мөлшерде зиянды химиялық заттардың (бар болса) жылыстап таралуын, булануын және тозаңдалуын болғызбауға тиіс.

17. Жоғары вольтты жабдықтардың конструкциясы монтаждау және пайдалану кезінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге (оның ішінде жоғары вольтты жабдықтарды монтаждауды және пайдалануды жүзеге асыратын персонал үшін) және онда жүк көтергіш механизмдерді пайдалануға арналған конструкция элементтері болуға тиіс.

18. Жоғары вольтты жабдықтардың бұғаттау конструкциясы, сондай-ақ пайдаланылатын қорғау схемалары (бар болса) оның қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етуге, бұрыс операциялардың орындалуын және бұғаттаулардың жалған іске қосылуын болдырмауға тиіс.

19. Жоғары вольтты жабдықтар монтаждау (оның ішінде көтеру және орын ауыстыру кезінде) және пайдалану (оның ішінде техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде) кезінде оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін элементтермен жабдықталуға тиіс.

20. Жоғары вольтты жабдықтар шығаратын электр-магниттік өрістің деңгейі (оның ішінде рентген сәулесі, шу және діріл) белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

21. Жоғары вольтты жабдықтарға арналған пайдалану құжаттары орыс тілінде және мемлекеттік тілде жасалады. Өлшем бірліктері, әріптік тауар белгілері (бар болса), жалқы атаулар, пайдалану құжаттарындағы елді мекендердің атаулары басқа тілдерде берілуі мүмкін.

22. Жоғары вольтты жабдықтардың төзімділік деңгейі сыртқы ортаның климаттық факторларының әсеріне қажетті төзімділік деңгейінде болуға тиіс.

23. Жоғары вольтты жабдықтардың төзімділігі ішкі қысқа тұйықталу салдарынан электр доғасы пайда болған жағдайда жеткілікті төзімді болуға тиіс.

24. Жоғары вольтты жабдықтардың механикалық беріктігі пен сыртқы ортаның механикалық факторларының әсеріне төзімділігі қажетті деңгейде болуға тиіс.

25. Жоғары вольтты жабдықтарға арналған пайдалану құжаттарында мынадай ақпарат болуға тиіс:

а) конструкцияның техникалық сипаттамасы;

- б) жоғары вольтты жабдықтардың және оның құрамдас бөлшектерінің жұмыс сипаттамасы;
- в) таңбалауда қолданылатын шартты белгіленулердің сипаттамасы;
- г) негізгі техникалық параметрлер мен сипаттамалар;
- д) дайындалған айы мен жылы және (немесе) дайындалған күні басылған орын мен оны анықтау тәсілі туралы ақпарат;
- е) қызмет ету мерзімі;
- ж) салқындату немесе жылыту жүйесінің сипаттамалары (бар болса);
- з) дайындаушы мәлімдеген қызмет ету мерзімінде жоғары вольтты жабдықтың қауіпсіз жұмыс жасауын қамтамасыз ететін, сақтауға, тасымалдауға, монтаждауға, баптауға және пайдалануға (оның ішінде пайдалануға беруге, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге, пайдалану кезеңіндегі техникалық сипаттамаларды бақылауға (диагностикалау және сынау көлеміне) қойылатын талаптар;
- и) дайындаушы белгілеген қызмет ету мерзімінен тыс мерзімде жоғары вольтты жабдықтарды қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі мен шарттары туралы, оның ішінде қажетті диагностикалау мен сынау көлемі туралы нұсқаулар;
- к) жоғары вольтты жабдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату жөніндегі нұсқаулар;
- л) жоғары вольтты жабдықтарды монтаждауды, баптауды, техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді орындайтын персоналдың біліктілігіне қойылатын талаптар;
- м) адамның өміріне және (немесе) денсаулығына, мүлкіне, қоршаған ортаға қатысты жоғары вольтты жабдықтардың және (немесе) оның жекелеген элементтерінің қауіпті факторлары туралы ақпарат, оның ішінде жоғары вольтты жабдықтарға салынған қауіпсіздік белгілері туралы ақпарат;
- н) жұмыс істеп тұрған жоғары вольтты жабдықтарға, оның ішінде оның ашық ток өткізгіш бөлшектеріне қол жеткізуді шектеу жөніндегі талаптар және жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де талаптар;
- о) сыртқы әсер етуші факторлардың (механикалық және климаттық) шекті жол берілетін мәндері;
- п) жоғары вольтты жабдықтар жасайтын электр-магниттік өрістер, жылу, рентген сәулелері, шу мен діріл туралы ақпарат және олардың әсерін қауіпсіз деңгейге дейін төмендету жөніндегі нұсқаулар;
- р) электрондық компоненттері бар жоғары вольтты жабдықтардың, сыртқы электр-магниттік өрістердің жұмыс қабілеттілігіне әсері туралы ақпарат және оның кедергілерден қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулар;
- с) жоғары вольтты жабдықтардың әлеуетті өрт және (немесе) экологиялық қауіптілігі туралы ақпарат және оны жол берілетін деңгейге дейін төмендету жөніндегі нұсқаулар;
- т) жоғары вольтты жабдықтардың габариттік және орнату өлшемдері (бар болса);

у) жоғары вольтты жабдықтарды орнатуға және олардың іргетастарына (тіректеріне) қойылатын талаптар (егер бар болса);

ф) дайындаушының және (немесе) дайындаушы уәкілеттік берген тұлғаның, сондай-ақ дайындаушының сервистік қызметінің орналасқан жері туралы мәліметтер, олармен байланысуға арналған байланыс ақпараты;

х) өндірушінің кепілдіктері;

ц) жабдықтармен бірге жеткізілетін қосалқы бөлшектердің, құрал-саймандар мен керек-жарақтардың ведомосы (бар болса);

ч) жоғары вольтты жабдықтарды дайындауда басшылыққа алынған құжаттың (құжаттардың) (стандарт, ұйым стандарты, техникалық шарттар немесе өзге де құжат) белгіленуі мен атауы (бар болса);

ш) қабылдау-тапсыру немесе ұқсас сынақтардың нәтижелері туралы мәліметтер (тұтынушының талабы бойынша және тек генераторларға, реактивті қуат компенсаторларына, күштік трансформаторларға, шунттаушы реакторларға, ток трансформаторларына, кернеу трансформаторларына қатысты).

26. Сақтау және тасымалдау кезінде жоғары вольтты жабдықтардың сыртқы орта факторларының әсеріне ұшыраған барлық бөлшектері (қосалқы бөлшектерді қоса алғанда) консервациялануға немесе оларды сыртқы ортаның әсерінен қорғау үшін өзге де шаралар қолданылуға тиіс.

V. Қазақстан Республикасының нарығында өнімнің сәйкестік белгісімен таңбалануы

27. Жоғары вольтты жабдықтар заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының нарығында өнімнің сәйкестік белгісімен таңбалануға тиіс.

28. Таңбалау салу тәсілі жоғары вольтты жабдықтардың бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде жазулардың оқылуын қамтамасыз етуге тиіс.

29. Бөлшектелген түрде тасымалданатын жоғары вольтты жабдықтардың құрамдас бөлшектерінде таңбалау және оларды монтаждау орнында дұрыс құрастыруды қамтамасыз ететін құрастыру жөніндегі нұсқаулық болуға тиіс.

Жоғары вольтты жабдықтардың жинақтаушы аспаптары, аппараттары, сондай-ақ бірқатар қысқыштары, жалғағыш сымдары және жерге қосу элементтері таңбалануға тиіс. Таңбалаудағы ақпарат жоғары вольтты жабдықтарға қоса берілетін пайдалану құжаттарындағы ақпаратқа сәйкес келуге тиіс.

VI. Жоғары вольтты жабдықтардың техникалық регламент талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету

30. Жоғары вольтты жабдықтардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі осы техникалық регламенттің IV және V тарауларында көрсетілген талаптарды орындау арқылы және қолдану нәтижесінде осы техникалық регламенттің

талаптарын ерікті негізде сақтау қамтамасыз етілетін өзара байланысты стандарттар тізбесіне (бұдан әрі – стандарттар тізбесі) енгізілген стандарттардың талаптарын орындау арқылы қамтамасыз етіледі.

31. Жоғары вольтты жабдықтарды зерттеу (сынау) және өлшеу әдістері техникалық регламенттің талаптарын қолдану және орындау және өнімнің сәйкестігін бағалауды (раस्ताуды) жүзеге асыру үшін қажетті зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын стандарттар тізбесіне енгізілген стандарттарда белгіленеді.

32. Өзара байланысты нормативтік құжаттар мен стандарттау жөніндегі құжаттарды қолданбау Техникалық регламенттің талаптарын сақтамау ретінде қарастырылмайды.

"Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес арнайы экономикалық аймақтар аумағындағы өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін, сондай-ақ республикалық Индустрияландыру картасына енгізілген Техникалық регламенттің талаптарын орындау үшін стандарттау жөніндегі халықаралық, өңірлік құжаттарды және шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі құжаттарын тікелей қолдануға жол беріледі.

Стандарттау объектілері Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

Техникалық регламенттерге қатысты стандарттау жөніндегі құжаттар тізбесіне енгізілген стандарттау жөніндегі өзара байланысты құжаттар қолданылмаған жағдайда, сәйкестікті бағалау тәуекелдерді талдау негізінде жүзеге асырылады.

VII. Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау

33. Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарар алдында, оның ішінде өз мұқтажықтары үшін жоғары вольтты жабдықтар осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігі расталуға жатады.

34. Жоғары вольтты жабдықтардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау осы техникалық регламентте белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, міндетті сертификаттау нысанында жүргізіледі.

35. Сертификаттау нысанындағы жоғары вольтты жабдықтардың сәйкестігін растау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 29 маусымдағы № 433-НҚ бұйрығымен бекітілген сәйкестікті бағалау қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23364 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

36. Жоғары вольтты жабдықтардың осы техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкестігін растауды сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген орган жүргізеді.

37. Осы техникалық регламенттің 3-тармағының д), ж) тармақшаларында көзделген жоғары вольтты жабдыққа қатысты міндетті сертификаттау 5-үлгі бойынша жүргізіледі.

38. Осы техникалық регламенттің 3-тармағының а), б), в), г), е), з), и) тармақшаларында көзделген жоғары вольтты жабдыққа қатысты міндетті сертификаттау 5, 7, 8, 9-үлгілер бойынша жүргізіледі. Бұл ретте өнімнің міндетті сертификаттау үлгісін өтініш беруші сәйкестікті растау органымен бірлесіп айқындайды.

39. Өнімді сертификаттауды жүргізу кезінде сертификат беру Қазақстан Республикасының ұлттық аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген сынақ зертханасының сынақ хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

40. Сериялы өндірілетін өнімді сертификаттауға дайындаушы немесе дайындаушы уәкілеттік берген тұлға өтінім беруші бола алады.

41. Сериялы өндірілетін өнім Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген кезде дайындаушы уәкілеттік берген тұлға оны сертификаттауға өтінім беруші болуға тиіс.

42. Өнім партиясын (дара бұйымды) сертификаттауға дайындаушы, сатушы, импорттаушы, дайындаушы уәкілеттік берген тұлға өтінім берушілер бола алады.

43. Партиялармен шығарылатын өнім (дара бұйым) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген кезде импорттаушы оны сертификаттауға өтінім беруші болуға тиіс.

44. 22, 23, 24-тармақтарда көзделген талаптар 2031 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

45. Жоғары вольтты жабдықтардың конструкциясына немесе оны өндіру технологиясына осындай жабдықтардың осы техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігіне әсер ететін өзгерістерді енгізу кезінде өтінім беруші мұндай өзгерістер енгізілгенге дейін бұл туралы сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органға жазбаша нысанда хабарлайды. Көрсетілген орган жоғары вольтты жабдықтарға қосымша зерттеулер (сынақтар) және өлшеулер жүргізу және (немесе) өндіріс жай-күйін талдау қажеттігі туралы шешім қабылдайды.

46. Өтінім берушінің сәйкестікті растау жөніндегі органмен келісуі бойынша шет тілінде жасалған, оның ішінде дәлелдемелік материалдар жиынтығына енгізілген құжаттар орыс және мемлекеттік тілдердегі аудармасымен қоса беріледі.

VIII. Өтпелі кезең

47. Осы Техникалық регламент күшіне енген күнге дейін берілген немесе қабылданған, өнімнің сәйкестігін бағалау туралы құжаттар олардың қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін жарамды.

48. Өнімнің сәйкестігін бағалау туралы бұрын берілген құжаттардың қолданылу кезеңінде шығарылған өнімнің Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылуына оны дайындаушы белгілеген аталған өнімнің қызмет ету мерзімі және (немесе) пайдалану мерзімі ішінде жол беріледі.

49. Осы техникалық регламент алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"Жоғары вольтты
жабдықтардың қауіпсіздік
талаптары" техникалық
регламентінің 1-қосымшасы

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде "Жоғары вольтты жабдықтардың қауіпсіздік талаптары" техникалық регламентінің талаптарын сақтау қамтамасыз етілетін өзара байланысты стандарттардың тізбесі

№ р/с	Техникалық регламенттің элементтері	Өзара байланысты стандарттың белгіленуі	Өзара байланысты стандарттың атауы	Ескертпе
1	2	3		4
1		3.1, 3.2, 3.4-т. ГОСТ 1282-88	"Қуат коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
2		5.2.1 – 5.2.2, 5.7.8, 5.7.9-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын, 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
3		2.1.2, 2.2.1, 2.2.2, 2.2.3, 2.2.4, 2.2.5, 2.2.7, 2.8.12.2, 2.8.14.3, 7.2-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған металл қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
4		2.2.1 – 2.2.4-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"	

5	2.2-т. ГОСТ 9630-80	"Кернеуі 1000 В жоғары үш фазалы асинхронды қозғалтқыштар. Жалпы техникалық шарттар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
6	6.2 – 6.5-т. ГОСТ IEC 60034-1-2014	"Айналмалы электр машиналар. 1-бөлім. Параметрлердің номиналды мәндері және пайдалану сипаттамалары"	
7	2.4-т. ГОСТ 14794-79	"Ток шектейтін бетон реакторлар. Техникалық шарттар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
8	2.2.2 – 2.2.4-т. ГОСТ 16772-77	"Трансформаторлар және түрлендіргіш реакторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2 өзгерістерімен)	
9	1.2, 1.3, 3.7.4-т. ГОСТ 11677-85	"Күштік трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
10	1.5.3-т. ГОСТ 11920-93	"Кернеуі 35 кВ дейін қоса алғандағы жалпы мақсаттағы күштік м а й трансформаторлары . Техникалық шарттар"	
11	ГОСТ 7746-2015-тің 4.1.1, 6.2.1, 6.2.2, 6.10.1.4, 6.10.10, 10.1.1, 10.2.1-т.	" Т о к трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"	
12	4.1.1, 6.9.1, 6.9.2, 6.10.1.6, 6.10.1.9, 10.1.1, 10.2.1-т. ГОСТ 1983-2015	"Кернеу трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"	
		"Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Әртүрлі климаттық аудандар	

13		1.2, 1.3, 1.3 а, 1.4, 1.5, 2 – 9-т., 8 - 11 қосымша ГОСТ 15150-69	үшін орындау. Санаттар, пайдалану, сақтау және сыртқы ортаның климаттық факторларының әсері бөлігінде тасымалдау шарттары" (№ 1, 2, 3 , 4 , 5 өзгерістерімен, Түзетуімен)	
14	IV тарау 22-тармақ	1 – 10, 13 – 14-т., 4-қосымша ГОСТ 15543.1-89	"Электр-техникалық бұйымдар. Климаттық сыртқы әсер етуші факторларға төзімділік бөлігіндегі жалпы талаптар" (№ 1 өзгерісімен)	
15		6.1 – 6.2-т. ГОСТ 23216-78	"Электр-техникалық бұйымдар. Сақтау, тасымалдау, уақытша жемірілуге қарсы қорғаныс, буып-түю. Жалпы талаптар және сынау әдістері" (№ 1 , 2 , 3 өзгерістерімен, Түзетуімен)	
16		8-т. ГОСТ 24753-81	"Контактілі электр-техникалық құрылғылардың шықпалары. Жалпы техникалық талаптар" (№1,2,3 өзгерістерімен)	
17		2.2, 2.15-т. ГОСТ 15581-80	"Электр беру желілеріне арналған байланыс және қуат іріктеу конденсаторлары. Техникалық шарттар"	
18		4.1.4.1 – 4.1.4.3-т. ГОСТ 30259-97	"Қуаты 250-ден 630 кВА-ға дейін болатын, 10 кВ дейінгі кернеуге арналған тасымалданатын трансформаторлық	

		жиынтық қосалқы станциялар. Техникалық шарттар"	
19	5.1.3.2-т. ГОСТ 24126-97	"Трансформаторлар орамаларының тармақтарын жүктемемен ауыстырып қосу құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
20	8-т. ГОСТ 20248-82	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Сынау әдістері" (№ 1 өзгерісімен)	
21	3.1-т. ГОСТ 30297-95	"Құрғақ күштік трансформаторлар. Техникалық талаптар"	
22	4.2, 4.3.3-т. ГОСТ IEC 61869-1-2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
23	ҚР СТ IEC 60076-1-2013	Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер	
24	ҚР СТ IEC 62271-1-2018	Жоғары вольтты коммутациялық аппаратура және басқару аппаратурасы 1-бөлім Жалпы техникалық талаптар	
25	ГОСТ 24754-2013	Кенге арналған қалыпты электр жабдықтары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері	
26	ГОСТ 34433-2018	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің магистральдық құбыр тасымалы. Кернеуі 35-тен 220	

			кВ-қа дейінгі трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар	
27		1.2, 2.1, 3.6-т. ГОСТ 12.2.007.0-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр-техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары" (№ 1, 2, 3,4 өзгерістерімен)	
28		3.3, 3.6, 3.7, 3.8-т. ГОСТ 12.2.007.4-96	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғыларының және жиынтық трансформаторлық қосалқы станциялардың шкафтары. Қауіпсіздік талаптары"	
29		1.2, 2.8.14.5-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған металл қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
30		2.4.2-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
31		2.3, 3.12-т. ГОСТ 9630-80	"Кернеуі 1000 В жоғары үш фазалы асинхронды қозғалтқыштар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2,3 өзгерістерімен)	
32		4, 5-т.	"Айналмалы электр машиналар. 5-бөлім. Айналмалы электр машиналарының қабықшаларымен	

		ГОСТ IEC 60034-5-2011	қамтамасыз етілетін қорғаныс дәрежелерінің жіктелуі (IP коды)"		
33	IV тарау 13-т.	3.11-т. ГОСТ 12.2.007.2-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Күштік трансформаторлар және электр реакторлары. Қауіпсіздік талаптары" (№1 өзгерісімен)		
34		4, 5-т. ГОСТ 24687-81	"Күштік трансформаторлар және электр реакторлар. Қорғаныс дәрежелері"		
35		2.6-т. ГОСТ 27360-87	"Қуаты 1600 кВ·А дейін болатын, 22 кВ дейінгі кернеуге арналған жалпы қолданылатын герметикаланған күштік май трансформаторлары . Негізгі параметрлер және жалпы техникалық талаптар"		
36		6.10.2.1, 6.10.3.1, 6.10.3.4, 7.3-т. ГОСТ 7746-2015	"Ток трансформаторлары . Жалпы техникалық шарттар"		
37		6.10.2.1, 6.10.3.1, 6.10.3.4, 6.10.6, 7.3-т. ГОСТ 1983-2015	"Кернеу трансформаторлары . Жалпы техникалық шарттар"		
38		3.1-т. ГОСТ 15581-80	"Электр беру желілеріне арналған байланыс және қуат іріктеу конденсаторлары. Техникалық шарттар"		
				"Трансформаторлар орамаларының тармақтарын	

39		5.1.4.21-т. ГОСТ 24126-97	жүктемемен ауыстырып қосу құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
40		14-т. ГОСТ 30297-95	"Құрғақ күштік трансформаторлар. Техникалық талаптар"	
41		6.10-т. ГОСТ IEC 61869-1- 2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
42		1 – 4-кестелер ГОСТ 14254-2015 (IEC 60529:2013)	"Қабықшалармен камтамасыз етілген қорғаныс дәрежелері (IP коды)"	
43		3.2.1-т. ГОСТ 12.2.007.0-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр-техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
44		1.2-т. ГОСТ 12.2.007.3-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. 1000 В жоғары кернеуге арналған электр-техникалық құрылғылар Қауіпсіздік талаптары" (№ 1 - 4 өзгерістерімен)	
45		1-10-т., 1, 6, 7- қосымшалар ГОСТ 1516.1-76	"3-тен 500 кВ-қа дейінгі кернеулерге арналған айнымалы ток электр жабдықтары. Оқшаулағыштың электрлік беріктігіне қойылатын талаптар " (1,2,3,4,5,6 өзгерістерімен, Түзетуімен)	
			"750 кВ кернеуге арналған айнымалы	

46	1-3-т., 4, 5-қосымша ГОСТ 20690-75	ток электр жабдықтары. Оқшаулағыштың электрлік беріктігіне қойылатын талаптар " (№ 1 - 6 өзгерістерімен)	
47	4 – 13-т., В, Д қосымшасы ГОСТ 1516.3-96	"1-ден 750 кВ-қа дейінгі кернеулерге арналған айнымалы ток электр жабдықтары. Оқшаулағыштың электрлік беріктігіне қойылатын талаптар "	
48	1, 2-т., 1, 2-қосымша ГОСТ 9920-89	"3-тен 750 кВ-қа дейінгі кернеуге арналған айнымалы ток электр қондырғылары. Сыртқы оқшаулағыштан жылыстау жолының ұзындығы"	
49	2.2.2, 2.3.6-т. ГОСТ 12.2.007.5-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Күштік конденсаторлар. Конденсаторлық қондырғылар. Қауіпсіздік талаптары" (№1,2 өзгерістерімен)	
50	3.6, 3.7, 3.9-т. ГОСТ 1282-88	" Қ у а т коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
51	3.8-т. ГОСТ 12.2.007.4-96	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғыларының және жиынтық трансформаторлық қосалқы станциялардың шкафтары.	

		Қауіпсіздік талаптары"	
52	5.3-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
53	2.3.1, 2.3.2, 2.3.3-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған металл қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
54	1.2, 1.3-т. ГОСТ 12.2.007.1-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электрлік айналмалы машиналар. Қауіпсіздік талаптары." (№1 өзгерісімен)	
55	2.4.9, 2.4.10-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
56	2.12, 2.13, 3.4, 3.5, 3.11-т. ГОСТ 9630-80	"Кернеуі 1000 В жоғары үш фазалы асинхронды қозғалтқыштар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2,3 өзгерістерімен)	
57	7.4, 7.5, 9.2-т. ГОСТ IEC 60034-1-2014	"Айналмалы электр машиналар. 1-бөлім. Параметрлердің номиналды мәндері және пайдалану сипаттамалары"	
	4.10-т.	"Айналмалы электр машиналар. 3-бөлім. Бу турбиналары мен сығылған газ турбиналары"	

58	IV тарау 13-т.	ГОСТ IEC 60034-3-2015	басқаратын синхронды генераторларға арналған арнайы талаптар"	
59		3-т. ГОСТ IEC 60034-15-2014	"Айналмалы электр машиналар. 15-бөлім. Статор катушкасы бар айналмалы ток машиналарына арналған импульстік кернеудің шекті деңгейлері"	
60		2.11-т. ГОСТ 14794-79	"Ток шектейтін бетон реакторлар. Техникалық шарттар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
61		2.7-т. ГОСТ 14794-79	"Ток шектейтін бетон реакторлар. Техникалық шарттар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
62		2.9.1 – 2.9.7-т. ГОСТ 16772-77	"Трансформаторлар және түрлендіргіш реакторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2 өзгерістерімен)	
63		3.2.2-т. ГОСТ 11677-85	"Күштік трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
64		1.5.2-т. ГОСТ 12965-93	"110 және 150 кВ кернеу сыныптарының жалпы мақсаттағы күштік май трансформаторлары . Техникалық шарттар"	
65		2.5-т. ГОСТ 16555-75	"Үш фазалы герметикалық күштік май трансформаторлары . Техникалық шарттар" (№1-7 өзгерістерімен)	

66	1.5.2.2, 1.5.2.3-т. ГОСТ 17544-93	"220, 330, 500 және 750 кВ кернеу сыныптарының жалпы мақсаттағы күштік май трансформаторлары . Техникалық шарттар"	
67	2.3-т., 2-кесте ГОСТ 27360-87	"Қуаты 1600 кВ·А дейін болатын, 22 кВ дейінгі кернеуге арналған жалпы қолданылатын герметикаланған күштік май трансформаторлары . Негізгі параметрлер және жалпы техникалық талаптар"	
68	6.3.1, 6.3.4, 6.3.5, 6.3.6, 6.3.7, 6.3.8, 6.3.9-т. ГОСТ 7746-2015	" Т о к трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"	
69	6.10.2.11, 6.12.1, 6.12.2, 6.12.3, 6.12.5, 6.12.6, 6.12.7, 6.12.8, 6.12.9, 6.12.10, 6.12.11, 6.12.12-т. ГОСТ 1983-2015	" Кернеу трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"	
70	2.8 – 2.12, 2.18, 3.4-т ГОСТ 15581-80	"Электр беру желілеріне арналған байланыс және қуат іріктеу конденсаторлары. Техникалық шарттар"	
71	7.5-т. ГОСТ 1516.2-97	"3 кВ және одан жоғары кернеуге арналған электр жабдықтары мен айнымалы ток электр қондырғылары. Оқшаулағыштың электрлік беріктігін сынаудың жалпы әдістері"	
		"Қуаты 250-ден 630 кВ·А-ға дейін болатын, 10 кВ	

72	5.4.2, 5.4.4-т. ГОСТ 30259-97	дейінгі кернеуге арналған тасымалданатын трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Техникалық шарттар"	
73	2.8-т. ГОСТ 24409-80	"Электр-техникалық қыш материалдар. Сынау әдістері" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
74	5.1.1.6, 5.1.1.7-т. ГОСТ 24126-97	"Трансформаторлар орамаларының тармақтарын жүктемемен ауыстырып қосу құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
75	10-т. ГОСТ 20248-82	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Сынау әдістері" (№1 өзгерісімен)	
76	8.4, 12-т. ГОСТ 30297-95	"Құрғақ күштік трансформаторлар. Техникалық талаптар"	
77	5.3.3, 6.6, 6.8-т. ГОСТ ІЕС 61869-1-2015	"Ө л ш е у трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
78	5.3-т. ГОСТ ІЕС 61869-3-2012	"Ө л ш е у трансформаторлары . 3-бөлім. Индуктивті кернеу трансформаторлары на қойылатын қосымша талаптар"	
79	ҚР СТ ІЕС 60076-1-2013	К ү ш т і к трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер	
		Жоғары вольтты коммутациялық аппаратура және	

80		ҚР СТ ІЕС 62271-1-2018	басқару аппаратурасы 1-бөлім Жалпы техникалық талаптар	
81		ГОСТ 24754-2013	Кенге арналған қалыпты электр жабдықтары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері	
82		ГОСТ 34433-2018	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің магистральдық құбыр тасымалы. Кернеуі 35-тен 220 кВ-қа дейінгі трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар	
83		1-т. ГОСТ 8024-90	"1000 В жоғары кернеуге арналған айнымалы ток аппараттары мен электр-техникалық құрылғылары. Ұзақ жұмыс режимі кезінде қыздыру нормалары және сынау әдістері"	
84		3.10, 3.11-т. ГОСТ 1282-88	"Қ у а т коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
85		5.4-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
86		2.4.1, 2.4.2, 2.4.3-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған м е т а л л қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары.	

		Жалпы техникалық шарттар"	
87	2.3.1, 2.3.2, 2.4.13.1-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
88	8.1, 8.2-т. ГОСТ IEC 60034-1-2014	"Айналмалы электр машиналар. 1-бөлім. Параметрлердің номиналды мәндері және пайдалану сипаттамалары"	
89	4.11, 6.5, 7.3, 7.4.3-т. ГОСТ IEC 60034-3-2015	"Айналмалы электр машиналар. 3-бөлім. Бу турбиналары мен сығылған газ турбиналары басқаратын синхронды генераторларға арналған арнайы талаптар"	
90	2.7-т. ГОСТ 14794-79	"Ток шектейтін бетон реакторлар. Техникалық шарттар" (№1,2,3 өзгерістерімен)	
91	2.8.1, 2.8.2, 2.8.3-2.8.7-т., 7-кесте ГОСТ 16772-77	"Трансформаторлар және түрлендіргіш реакторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2 өзгерістерімен)	
92	3.2.1.1 – 3.2.1.6-т. ГОСТ 11677-85	"Күштік трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
93	1.5.1-т. ГОСТ 12965-93	"110 және 150 кВ кернеу сыныптарының жалпы мақсаттағы күштік май трансформаторлары. Техникалық шарттар"	
94	2.1.3-т. ГОСТ 14209-85	"Жалпы мақсаттағы күштік май трансформаторлары. Жол берілетін	

			жүктемелер" (№1 өзгерісімен)	
95	IV тарау 14-тармақ	2.4-т. ГОСТ 27360-87	"Қуаты 1600 кВ·А дейін болатын, 22 кВ дейінгі кернеуге арналған жалпы қолданылатын герметикаланған күштік май трансформаторлары . Негізгі параметрлер және жалпы техникалық талаптар"	
96		5.6-т. ГОСТ 30830-2002	"Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер"	
97		6.6.1, 6.6.2, 6.6.3, 6.6.4, 6.6.5-т. ГОСТ 7746-2015	"Ток трансформаторлары . Жалпы техникалық шарттар"	
98		6.11.1, 6.11.2, 6.11.3, 6.11.4, 6.11.5-т. ГОСТ 1983-2015	"Кернеу трансформаторлары . Жалпы техникалық шарттар"	
99		11-т. ГОСТ 15543.1-89	"Электр-техникалық бұйымдар. Климаттық сыртқы әсер етуші факторларға төзімділік бөлігіндегі жалпы талаптар" (№ 1 өзгерісімен)	
100		5-т. ГОСТ 24753-81	"Контактілі электр-техникалық құрылғылардың шықпалары. Жалпы техникалық талаптар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
101		2.6, 2.7-т. ГОСТ 24409-80	"Электр-техникалық қыш материалдар. Сынау әдістері" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
			"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі	

102	2.6 – 2.9-т. ГОСТ 20248-82	кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Сынау әдістері" (№1 өзгерісімен)	
103	11-т. ГОСТ 30297-95	"Құрғақ күштік трансформаторлар. Техникалық талаптар"	
104	6.4-т. ГОСТ IEC 61869-1-2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
105	6.4-т. ГОСТ IEC 61869-3-2012	"Өлшеу трансформаторлары . 3-бөлім. Индуктивті кернеу трансформаторлары на қойылатын қосымша талаптар"	
106	ҚР СТ IEC 60076-1-2013	Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер	
107	ҚР СТ IEC 62271-1-2018	Жоғары вольтты коммутациялық аппаратура және басқару аппаратурасы 1-бөлім Жалпы техникалық талаптар	
108	ГОСТ 24754-2013	Кенге арналған қалыпты электр жабдықтары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері	
109	ГОСТ 34433-2018	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің магистральдық құбыр тасымалы. Кернеуі 35-тен 220 кВ-қа дейінгі трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар	
		"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. 1000 В жоғары кернеуге	

110	2.9, 2.10-т. ГОСТ 12.2.007.3-75	арналған электр-техникалық құрылғылар Қауіпсіздік талаптары" (№1-4 өзгерістерімен)
111	3.3-т. ГОСТ 1282-88	" Қ у а т коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"
112	2.2.6, 2.7.1, 2.7.2, 2.8.2, 2.8.14.2-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған м е т а л л қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"
113	2.2.6-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"
114	2.6.5-т. ГОСТ 14794-79	"Ток шектейтін бетон реакторлар. Техникалық шарттар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)
115	3.5.18, 3.5.19-т. ГОСТ 11677-85	" К ү ш т і к трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)
116	6.2.3, 10.1.1-т. ГОСТ 7746-2015	" Т о к трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"
117	6.9.3, 10.1.1-т. ГОСТ 1983-2015	" К е р н е у трансформаторлары . Ж а л п ы техникалық шарттар"
118	7-т. ГОСТ 24753-81	"Контактілі электр-техникалық құрылғылардың шықпалары. Жалпы техникалық

			талаптар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
119		2.23-т. ГОСТ 15581-80	"Электр беру желілеріне арналған байланыс және қуат іріктеу конденсаторлары. Техникалық шарттар"	
120		2 – 5-т. ГОСТ 17516-72	"Электр-техникалық бұйымдар. Сыртқы ортаның механикалық факторларының әсері бөлігінде пайдалану шарттары" (№ 1, 2 өзгерістерімен)	
121		4.1.4.4-т. ГОСТ 30259-97	"Қуаты 250-ден 630 кВ•А-ға дейін болатын, 10 кВ дейінгі кернеуге арналған тасымалданатын трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Техникалық шарттар"	
122	IV тарау 24-тармақ	2.4 – 2.5, 2.9, 2.10, 2.12, 2.13-т. ГОСТ 24409-80	"Электр-техникалық қыш материалдар. Сынау әдістері" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
123		2-т. ГОСТ 24606.7-84	"Коммутациялық, орнату бұйымдары және электр қосқыштары. Конструкцияға қойылатын талаптарды тексеру әдістері" (№ 1 өзгерісімен)	
124		5.1.3.1-т. ГОСТ 24126-97	"Трансформаторлар орамаларының тармақтарын жүктемемен ауыстырып қосу құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	

125	7-т. ГОСТ 20248-82	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Сынау әдістері" (№1 өзгерісімен)
126	4.3.4, 4.3.5, 6.7-т. ГОСТ ІЕС 61869-1-2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"
127	4.1 – 4.3, 4.5-т., Б, В қосымшасы ГОСТ 30631-99	"Пайдалану кезінде механикалық сыртқы әсер етуші факторларға төзімділік бөлігінде машиналарға, аспаптарға және басқа да техникалық бұйымдарға қойылатын жалпы талаптар"
128	4.1 – 4.4-т. ГОСТ 30546.1-98	"Машиналарға, аспаптарға және басқа да техникалық бұйымдарға қойылатын жалпы талаптар және олардың күрделі конструкцияларын сейсмикалық төзімділік бөлігінде есептеу әдістері" (№ 1 өзгерісімен)
129	ҚР СТ ІЕС 60076-1-2013	Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер
130	ҚР СТ ІЕС 62271-1-2018	Жоғары вольтты коммутациялық аппаратура және басқару аппаратурасы 1-бөлім Жалпы техникалық талаптар
131	ГОСТ 24754-2013	Кенге арналған қалыпты электр жабдықтары. Жалпы техникалық

			талаптар және сынау әдістері	
132		ГОСТ 34433-2018	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің магистральдық құбыр тасымалы. Кернеуі 35-тен 220 кВ-қа дейінгі трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар	
133		1.1, 3.1.10-т. ГОСТ 12.2.007.0-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр-техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
134		3.2-т. ГОСТ 12.2.007.4-96	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғыларының және жиынтық трансформаторлық қосалқы станциялардың шкафтары. Қауіпсіздік талаптары"	
135		6-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
136		2.8.12.3, 3.2, 3.3-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған металл қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	

137		3.3-т. ГОСТ 9630-80	"Кернеуі 1000 В жоғары үш фазалы асинхронды қозғалтқыштар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2,3 өзгерістерімен)	
138		А қосымшасы ГОСТ ИЕС 60034-3-2015	"Айналмалы электр машиналар. 3-бөлім. Бу турбиналары мен сығылған газ турбиналары басқаратын синхронды генераторларға арналған арнайы талаптар"	
139		3.5-т. ГОСТ 12.2.007.2-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі (ЕҚСЖ). Күштік трансформаторлар және электр реакторлары. Қауіпсіздік талаптары" (№1 өзгерісімен)	
140	IV тарау 15-тармақ	2.17-т. ГОСТ 16772-77	"Трансформаторлар және түрлендіргіш реакторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№1,2 өзгерістерімен)	
141		3.5.44-т. ГОСТ 11677-85	"Күштік трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
142		6.6.1, 6.10.2.1, 6.10.5, 6.10.6-т ГОСТ 7746-2015	"Ток трансформаторлары. Жалпы техникалық шарттар"	
143		6.10.2.1, 6.10.5, 6.10.6, 6.11.1-т. ГОСТ 1983-2015	"Кернеу трансформаторлары. Жалпы техникалық шарттар"	
144		13-т.	"Контактілі электр-техникалық құрылғылардың шықпалары. Жалпы	

		ГОСТ 24753-81	техникалық талаптар" (№1, 2, 3 өзгерістерімен)	
145		5.2-т. ГОСТ 30259-97	"Қуаты 250-ден 630 кВ•А-ға дейін болатын, 10 кВ дейінгі кернеуге арналған тасымалданатын трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Техникалық шарттар"	
146		6.2.5, 6.14-т. ГОСТ IEC 61869-1-2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
147		ҚР СТ IEC 60076-1-2013	Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер	
148		ҚР СТ IEC 62271-1-2018	Жоғары вольтты коммутациялық аппаратура және басқару аппаратурасы 1-бөлім Жалпы техникалық талаптар	
149		ГОСТ 24754-2013	Кенге арналған қалыпты электр жабдықтары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері	
150		ГОСТ 34433-2018	Мұнайдың және мұнай өнімдерінің магистральдық құбыр тасымалы. Кернеуі 35-тен 220 кВ-қа дейінгі трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар	
151		1.2-т. ГОСТ 12.2.007.5-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Күштік конденсаторлар. Конденсаторлық қондырғылар. Қауіпсіздік	

			талаптары" (№1, 2 өзгерістерімен)	
152		3.16-т. ГОСТ 1282-88	"Қуат коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
153		2.4.13.1-т. ГОСТ 14965-80	"Қуаты 100 кВт-тан жоғары үш фазалы синхронды генераторлар. Жалпы техникалық шарттар"	
154	IV тарау 16-тармақ	3.5.31 – 3.5.35-т. ГОСТ 11677-85	"Күштік трансформаторлар. Жалпы техникалық шарттар" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
155		ҚР СТ ИЕС 60076-1-2013	Күштік трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы ережелер	
156		6.10.2.1, 6.10.2.7, 6.10.2.8, 6.10.3.1, 6.10.3.2, 6.10.3.4, 6.15.2-т. ГОСТ 7746-2015	"Ток трансформаторлары. Жалпы техникалық шарттар"	
157		6.10.2.1, 6.10.2.7, 6.10.2.8, 6.10.3.1, 6.10.3.2, 6.10.3.4, 6.22.3-т. ГОСТ 1983-2015	"Кернеу трансформаторлары. Жалпы техникалық шарттар"	
158		6.1-т. ГОСТ 23216-78	"Электр-техникалық бұйымдар. Сактау, тасымалдау, уақытша жемірілуге қарсы қорғаныс, буып-түю. Жалпы талаптар және сынау әдістері" (№ 1, 2, 3 өзгерістерімен, Түзетуімен)	
159		3.2-т. ГОСТ 12.2.007.4-96	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғыларының және жиынтық трансформаторлық	

	IV тарау 23-тармақ		қосалқы станциялардың шкафтары. Қауіпсіздік талаптары"	
160		5.7.5-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын , 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
161		6.9-т. ГОСТ IEC 61869-1-2015	"Өлшеу трансформаторлары . 1-бөлім. Жалпы талаптар"	
162		1.1, 1.2, 2.1, 3.1.4, 3.14*, 3.1.5, 3.1.7, 3.1.8, 3.2.2, 3.3, 3.4,3.7, 3.8-т. ГОСТ 12.2.007.0-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр-техникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары" (№ 1, 2, 3, 4 өзгерістерімен)	
163		2.1.1 – 2.1.9, 2.1.12 (а), 2.1.13, 2.2.3 – 2.2.5, 2.2.7 – 2.2.10, 2.4 – 2.8-т. ГОСТ 12.2.007.3-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. 1000 В жоғары кернеуге арналған электр-техникалық құрылғылар Қауіпсіздік талаптары" (№1-4 өзгерістерімен)	
164		1.3, 1.4, 1.5, 2.1.2, 2.2.3-2.2.5, 2.3.5, 2.3.7 – 2.3.14-т. ГОСТ 12.2.007.5-75	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Күштік конденсаторлар. Конденсаторлық қондырғылар. Қауіпсіздік талаптары" (№1, 2 өзгерістерімен)	
165		3.13, 3.15-т. ГОСТ 1282-88	"Қуат коэффициентін арттыруға арналған конденсаторлар. Жалпы техникалық шарттар"	

166		3.2-т., 3.3-т., 3.6, 3.7, 3.9, 3.10, 4.1, 4.2, 4.6 – 4.13, 5.1 – 5.12 ГОСТ 12.2.007.4-96	"Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғыларының және жиынтық трансформаторлық қосалқы станциялардың шкафтары. Қауіпсіздік талаптары"	
167		5.5.3, 5.5.5, 5.5.6, 5.5.7, 5.6.3, 5.8.2, 5.8.4, 5.8.7, 5.8.9, 6-т. ГОСТ 14695-97	"Қуаты 25-тен 2500 кВ·А дейін болатын, 10 кВ дейінгі кернеуге арналған трансформаторлық жиынтық қосалқы станциялар. Жалпы техникалық шарттар"	
168		3.1, 3.4, 3.5, 3.6, 3.7, 3.15, 3.16-т. ГОСТ 14693-90	"10 кВ дейінгі кернеуге арналған металл қабықшадағы герметикаланбаған жиынтық тарату құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар"	
